



Ақмешіт

25 қараша
сенбі

№93 (2000)

2023 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ТҮСІНГЕНГЕ МАЛ ТЕРІСІ ДЕ ПҰЛ

Халқымыздың атакәсібі болған тері өңдеу ісі қазір кенжелеп тұр. Сала мамандары бұған кедергі мемлекет тарапынан қолдаудың жоқтығы дейді. Әйтпесе тері өңдеудің жөнін қазекеннен артық білер ешкім жоқ. Қазір бұл кәсіпті серік еткендер де, нәсіпке айналдырғысы келетіндер де баршылық. Алайда тиісті қолдау көрсетілмейді.

Егемен.кз ақпарат агенттігінде берілген мәлімет бойынша елімізді жеңіл өнеркәсіпті дамытуға, оның ішінде тері өңдеуге айрықша көңіл бөлініп келеді. Десе де былғары өнімін өндіру көрсеткіші биыл төмендеген. Есесіне ірі қара шикізатының шет елдерге экспортталуы артқан. Статистикалық көрсеткішке сүйенсек, биыл ірі қара терісінің өндірісі 55,8 пайызды құрапты.



Соңғы жылдары тері өндірісін жандандыру мәселесі жиі қозғалып жүр. Тулақтың өзін итке тастамайтын жұрттымыз бүгінгі күні теріні игермейтін халге жетті. Ал өзге елдерде бұл өндіріс түрі тұрақты даму үстінде. Еліміздің бірқатар аймағында тері өңдейтін зауыттар жұмыс істейді. Олар отандық өнім

шығаратын бірнеше кәсіпкерлерді тиісті шикізатпен қамтығанымен, кең көлемде өндіруге мүмкіндігі жоқ көрінеді. Себебі фермерлерге өңделмеген теріні отандық зауыттарға бергеннен гөрі шетелге жіберген әлдеқайда тиімдірек.

2 БЕТТЕ



9-20-25: БАСПАНА АЛУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІГІ

Үкімет басшысы Әлихан Смайылов «7-20-25» бағдарламасына сұраныс көп болғанын атап айтты.

– Тұрғындар тарапынан «7-20-25» бағдарламасына кеңінен сұраныс болды. Бірақ бұл бағдарламаны іске асыруға қаражат керек. Ұлттық банк өзінің лимитін қойған еді. Бұл лимит сұраныс тұрғысынан жеткіліксіз. Ұлттық банк мұндай шектеу қойғаннан кейін Үкімет аясында, сондай-ақ «Отбасы банк» және «Бәйтерек» холдингі бірлесіп, қосымша бағдарлама әзірлеп жатырмыз. Ол – «9-20-25» бағдарламасы», – деді Премьер-министр.

Бағдарлама арқылы 8 мың баспанамен қамту мақсаты көзделіп отыр.

– Қазіргі жағдайда 9 пайыз деген төмен мөлшерлеме саналады. Соны іске асыру үшін тиісті есеп-қисапты жасап отырмыз. Оған жыл сайын 150 млрд теңге керек және 8 мың отбасы немесе адамға осы ипотеканы алуға мүмкіндік беріледі. Ол үшін 100 млрд теңгені нарықтан тартуымыз қажет, ал «Отбасы банк» өзінің таза табысынан 50 млрд теңге бөлуі тиіс. Осы қаражатты қосып, 9 пайыздық ставкаға шығу керек. Бұл бағдарлама негізінен жастарға арналады деп санаймын», – деді Үкімет басшысы.

«Отбасы» банкінің төрағасы Ләззат Ибрагимова көпбалалы емес жас отбасылардан баспаналы болу үшін арнайы бағдарлама болса екен деген өтініш көп келетінін айтқан еді.

Бұл бағдарлама іске қосылса, нарықтағы ипотекалық несиелер арасындағы ең төменгі пайыз болмақ. Бұл бағдарламадан пайызы төмен «7-20-25» бағдарламасы да халыққа ыңғайлы болғанымен жыл басынан ай сайынғы лимит болған соң, жалпы жұртшылыққа несие рәсімдеудің қиындығы да болды. Мәселен, бағдарлама бойынша өтініш қабылдау басталған сәтте қаржы институттарының сайттарына жарты сағатта 12 мың адам кіреді екен. Бұл – үлгерген алады, үлгермеген қалады деген сөз.

Жалпы елімізде ипотекалық несиеге сұраныс жоғары. Сарапшылар пікірінше, «Отбасы» банк арқылы мемлекеттік бағдарламаларға өтініш бергенде 1 үйге орта есеппен 150-ден аса адам құжат тапсырады екен. Бүгінде қолма-қол ақшаға үй алуға мүмкіндігі бола бермейтін қарапайым халықтың мемлекеттік бағдарламалардан үміт күтетіні аян.

Ал негізгі басымдық жастарға берілетін жаңа ипотекалық бағдарлама қалай жүзеге асағанын уақыт көрсетеді. Ең бастысы, халықтың баспаналы болуына барынша мүмкіндік жасау екені сөзсіз. Айта кетелік, елімізде жүзеге асып жатқан «Бақытты отбасы», «Шаңырақ» бағдарламалары да жалғасын таба бермек. Соңғы үш жылда бұл бағдарламалар арқылы 43 мың отбасы баспаналы болған екен.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

2 БЕТТЕ

Өз елінде жүріп, үйі жоқ не үй саларлық жері жоқ бір ұлт болса, ол – өзіміздің қазақ. Ашы да болса, шындық осы. Бір кездері арман құып елордаға барған біздер: «Бермесен берме баспананды, бәрібір тастамаймын астанамды» деп, Қасымша өледетіп жүрдік. Бірақ Қасым Аманжоловтың өмір сүрген дәуірімен біздің уақыт мүлдем салыстыруға келмейді екен.

ҮЙСІЗ ЖҮРГЕН ҚАЗАҚ КӨП

Нарықтық кезеңде үйсіз-күйсіз, бар тапқан-таянғанынды несие мен пәтерге әрең жеткізіп, ертеңгі күнге деген үміттің өзі тас-түнектегі сіріңкеңнің жарығындай ғана жылт етер шақта Қасымша қасқайып, соңына дейін шыдау қиынның-қыны. Елдегі жағдайдың осындай мүшкіл халде екенін біле тұра, баспанаға кезекке тұрғандарды үй бермей азайтудың жолын ойлап тауыпты. Жоғарыдағылар жаңа тәсілді заңға енгізбек болып, Парламентте талқылаған көрінеді.

Нарықтық кезеңде үйсіз-күйсіз, бар тапқан-таянғанынды несие мен пәтерге әрең жеткізіп, ертеңгі күнге деген үміттің өзі тас-түнектегі сіріңкеңнің жарығындай ғана жылт етер шақта Қасымша қасқайып, соңына дейін шыдау қиынның-қыны. Елдегі жағдайдың осындай мүшкіл халде екенін біле тұра, баспанаға кезекке тұрғандарды үй бермей азайтудың жолын ойлап тауыпты.

Осы аптада Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен Палатаның жалпы отырысы өтіп, онда тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері қаралды. Жиында бірінші оқылымға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» құжат шығарылған. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев баяндама жасады.

2 БЕТТЕ


СҰХБАТ

Тимур Бектұр, IT сарапшы:

Нашар маманды жасанды интеллект оңай алмастырады

Бүгінде көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқан жаңа технологияны игеріп үлгеру де мүмкін емес. Технократтар дәуірінде жаңа технологияны қаншалықты жатырмыз? Қол қусырып, тамсанып отыра беру қазаққа тән бе? Біз жаңа технологиялар дамуының қай сатысында жүріміз? Техниканың мүмкіндігін ұстан шығарып алмаймыз ба? Жасанды интеллект гасырында бұл тақырыпта сауал аз емес. Осы орайда IT сарапшы, Бостон университетінің магистранты Тимур Бектұрмен сұхбаттасудың сәті түсті.

3 БЕТТЕ



ҚАЛА БЮДЖЕТІ ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кеше қалалық мәслихатта бюджет және экономикалық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның кеңейтілген отырысы өткізілді. Халық қалаулылары мен қала әкімінің орынбасары, қалалық кірістер басқармасы, қалалық дербес бөлім басшылары, кент және ауылдық округтердің әкімдері қатысқан жиында «2024-2026 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» және «2024-2026 жылдарға арналған кент және ауылдық округтердің бюджеті туралы» мәселелер талқыланды.

Отырыстың күн тәртібіндегі мәселе бойынша қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова хабарлама жасап, депутаттар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Қалалық мәслихат депутаттары өздері сайланған округ бойынша келер жылдың бюджеттік жобасына енуі тиіс маңызды мәселелерді қозғайды. Оның ішінде Титов қыстағындағы №173 орта мектептің жанындағы Т.Бокин көшесін жарықтандыру, жау жүргіншілер салу, елді-мекендерге берілген су насостарының іске қосу, Тасбөгет кентіндегі алты көшені жарықтандыру, «Арай-Шұғыла» көшелерін жөндеуден өткізу, қаладағы Сәттілік тұйығын жарықтандыру, ауызсу жүйесін жүргізу, қалада салынған су ұңғымаларын іске қосу, №5 қалалық емханасының жаңа ғимаратын салу, «Сыр Ана»

монументі алаңына салынған балаларға арналған ойын алаңы үлгісіндей алаңдарды қала орталығына да салу, демалуға арналған жағажай, «Сәулет» тұрғын ауданындағы көптептерлі тұрғын үйлердің ауласындағы ойын алаңдарын жөндеуден өткізу сынды мәселе айтылды.

Жиын барысында қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Еркебай аталған мәселелер назарға алынып, тиісті жұмыс жасалатынын жеткізді. Сондай-ақ отырысқа төрағалық еткен қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаяев келер жылға арналған қала бюджетін қалыптастыру кезінде депутаттардың ұсыныстары ескеріліп, бірқатар өзекті мәселелер шешімін табатынын жеткізді.

А.СЕЙІЛ

Баспасөз-2024

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!

Жекелер үшін

6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.



ТҮСІНГЕНГЕ МАЛ ТЕРІСІ ДЕ ПҰЛ

Қазақстанда былғары өндірісі 1998 жылға дейін жақсы дамыған екен. Кейін тұралап қалған кәсіп көзін қайта жандандыру үшін былтырдан бастап «Қазақстан тері өңдеушілер қауымдастығы» құрылған. Қауымдастық төрағасы Нұрман Нұптекевтің айтуынша, егер мемлекет тарапынан үлкен қолдау болса саланы 4-5 жыл көлемінде аяққа тұрғызуға болады.

Бұл саланың тұралап қалуы елімізде тері өндірісімен айналысатын зауыттар жоқ дегенді білдірмейді. Бүгінде «Алматы тері зауытынан» бөлек, Жамбыл облысында «ТаразКожОбувь» ЖШС, Семейдегі «Semey tunney» ЖШС мен шымкенттік «Туған-Skin» ЖШС бар. Бұдан бөлек тері өңдейтін зауыттар Арқалық, Петропавл, Ақтобе, Орал қаласында да бар көрінеді. Алайда олардың жұмысы тұрақты емес.

Жоғарыда аталған зауыттардың ішінде ел экономикасына тұрақты пайда түсіретіні «Тараз-КожОбувь» ЖШС екен. Бұл кәсіпорын тері өңдеумен қатар аяқ киім тігуге дейінгі дайын өнімді шығарады. Ал «Алматы тері зауыты» жылына 12 мың тоннаға дейін тері өңдейді. Шымкент және Семейдегі кәсіпорындар да былғары өндірісін жоғалтқан. Осындай жұмысы жүйеленген кәсіпорындар бола тұра теріні коқысқа тастап, қадеге жаратпаймыз дегенді себебі неде?

Мамандардың айтуынша, тері өндірісіндегі басты мәселе – шикізаттың шетелге кетуі. Одан отандық өндірушілерге пайда жоқ. Есесіне алыпсатарлар игілігін көреді-мыс.

Саладағы тағы бір мәселе – мал сою тәртібінің жоқтығы. Тері өңдеушілер шикізаттың пышақ тиіп тесілген, сапасыз күйде келетінін айтады. Оған қоса мал күтіміне де көңіл бөлінбейді. Мәселен, төрт түлікке түрлі тері ауруларына қарсы екпе салу керек екен. Бұл қағаз жүзінде жүзеге асқанымен, іс жүзінде кене тесіп, сона талап, оқырға ұялағаны теріден байқалады. Сол себепті елімізде тері сапасы төмен көрінеді. Осы орайда сала мамандары кенес одағы тұсында Қазақстандағы терінің 90 пайызы бірінші

және екінші сұрыпты болғанын айтады. Өкінішке қарай, қазір еліміздегі сапалы тері тек Оңтүстік Қазақстаннан ғана келетін көрінеді. Сапа жағынан өзбек елі бізден озып тұр. Олардың тері бағасы да бізбен салыстырғанда қымбат.

Бүгінде отандық өнім өндіруге бет бұрған кәсіпкерлер қатары жыл санап артып келеді. Бұрын тері бұйымдарынан жасалатын өнімдер шетел асып келсе, қазір оларды өзіміздің елде де шығарады. Әсіресе аяқ киім, сөмке, белдік сынды қажетті дүниелер көптеп шығарылууда. Тіпті біздің аймақта да таза былғарыдан аяқ киім тігуді кәсіп еткендер бар. Соның бірі – шилелік Жандәулет Құрманбекұлы. Тірлігі тікелей терімен байланысты кәсіпкер тері өңдеу саласында кейтартпалық басым деген пікірде.

Жыл сайын шағын және орта бизнесті дамыту аясында, инновациялық жобаларды жүзеге асыруда мемлекет тарапынан қомақты қаражат бөлінеді. Кәсіпкерлік саласында өндіріске бетбұрыс жасау керектігі жиі айтылғанымен тері өңдеу саласына сұраныс жоқ. Мұны облыстық өнеркәсіп және туризм басқармасы басшысының орынбасары Жанар Бекенова да растады. Оның сөзінше, өңірде тері өңдеу ісімен айналысуға сұраныс жоқ. Кәсіпке бет бұрғандар бұл салаға беттемейтін сынайы.

Жалпы төрт-түлік терісінен тек киім-кешек ғана емес, тағам, сұлулық саласына қажетті өнімдер алуға да болады екен. Мәселен, Индонезияда теріні тағам ретінде тұтынады екен. Оның құрамы ақуызға бай. Коллаген ретінде де қолданылады. Оған бөлек теріден желатин де дайындалады. Біз тері экспорттайтын Ресейде желатин шығаратын он шақты кәсіпорын бар көрінеді. Кондитерлік, косметикалық өндірісте желатинге сұраныс жоғары. Сондай-ақ желатиннің нашар, сапасыз қалдығы құрылыста желімге, түрлі қоспаларға да пайдаланылады.

Өткен жылы елімізде былғары өндірісінде жаңа технологияларды игеру үшін инвестор тартып, соның аясында Алматыдан желатин зауыты салынатынын БАҚ өкілдері жарыса жазған еді. Жаңа зауыт күніне 700 тоннаға дейін тері қабылдап, нашар тері желатинге, сапалысы былғары өңдеуге жіберілуі керек болған. Бұл өз кезегінде теріден жасалатын тұрмысқа қажетті барлық өнімдерді өндіруге мүмкіндік беруі тиіс. Алайда биыл іске қосылуы тиіс зауыттың қашан пайдалануға берілетіні әлі белгісіз.

Ат ертіп, атан қолдаған жұртымыз төрт-түлікті мінесе қолық, ішсе сусын, киісе киім қылған. Көшпелі халық қарапайым тіршілікте өндірісті дамыта алған еді. Ал қазіргідей жаңа технология дамыған заманда қолда барды ұқсатпа алмағанымыз өкінішті-ақ. Байқасақ, былғары арқылы табыс тапқан кез келген отандық өнім өндірушілері тері өңдеу ісін қолға алғысы келеді-ақ. Бірақ мемлекет тарапынан қолдау жоғын айтады. Түйтілді түйіні тиімді шешілсе, елдегі жеңіл өнеркәсіп тек тоқыма, тағам, кілем өндірісімен шектелмесе еді. Бүгінде елімізде жеңіл өнеркәсіптегі тері өндірісінің үлесі – 8,4 пайыз ғана екен.

Айдана САЙДУЛЛА

Басы 1-бетте

Шарлапаевтың сөзіне сенсек, заң жобасы 2021 жылғы 31 желтоқсанда Мәжіліс қарауына енгізілген-мыс. «Егемен Қазақстан» газетіндегі дерекке сүйенсек, осы күнге дейін жұмыс тобының 20 отырысы өтті. Бұл мәлімет Абай Асанқалдының «Баспана – өзекті мәселе» атты мақаласынан алынып отыр. Иә, 20 отырыс аз емес. Талқылайды, толықтырады, түзету енгізеді. Жауапты істі қолға алған жұмыс тобына да онай емес. Түсінеміз, бірақ олар халықтың жанайқайын, басты мәселе болған баспана машақатын түсіне ме?

– Бүгінгі күні қолданыстағы заңнама бойынша жергілікті атқарушы органдар тұрғын үйге есепке қою және оны жүргізу, сондай-ақ тұрғын үйді бөлу және беру бойынша функцияларды жүзеге асырады. Заң жобасы шеңберінде бұл функцияларды «Отбасы банкіне» беру ұсынылған. Бұл ретте азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету жергілікті атқарушы органдардың құзыретінде қалады. Оны тұрғын үй салу және сатып алу арқылы іске асырады. Осыған байланысты «Отбасы банкі» ұлттық даму институтына айналдыру көзделіп отыр, – деген министр «Отбасы банкіне» аталған функцияларды беруді ескеріп, оны екінші деңгейлі

Басы 1-бетте

банктер жүйесінен шығару көзделгенін мәлім етті.

Ведомство басшысының сөзін негіз етсек, жаңа жоба бойынша тұрғын үйді бөлу азаматтардың есепке тұрған күніне және табыс деңгейіне байланысты жүзеге асырылмақ.

– Табыс деңгейіне қарай азаматтардың жалдау ақысын субсидиялау, арендалық тұрғын үй немесе жеңілдетілген ипотекалық қарыздар түрінде мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі. Бұған қоса, азаматтарды тұрғын үй кезегіне қою кезінде негізгі талаптың бірі олардың меншігінде баспана болмауы керек, – деді Қ.Шарлапаев.

Министрдің бұл талабы қолданыстағы заңда да бар. Тұрғын үй алу мақсатында кезекке тұру үшін соңғы 5 жыл ішінде баспана болмауы керек. Бұл өзіне де, жұбайына да қатысты. Жаңа заң жобасында 5 жылды 10 жылға ұзарту көзделіпті. Яғни кезекке тұру үшін соңғы 10 жыл ішінде баспана болмауы шарт. Бұл ерлі-зайыптылардың екеуіне де қатысты.

Қарап отырсақ, жаңа заң жобасы бойынша талап күшейетін сияқты. Атында 5 жыл түгіл 10 жыл үй болмауы керек деген түсінік құлаққа оғаштау естіледі екен. Қазірдің өзінде үйі жоқ, бар мәселесі баспана болған отандасымыз көп. Статистикаға сүйенсек, елімізде 646 мың адам тұрғын үй кезегінде тұр. Министр осы 646 мыңның 232 мыңы кезектен шығарылуы мүмкін екенін мәлім етті. Шарлапаевтың айтуынша,

оқырманға да қызық деп ойлаймын. Сұрақтың жауабын табу үшін Парламенттің ресми сайтына зер салайық.

Мәжілістегі қызылордалық депутат Мархабат Жайымбетов не себепті 232 мың адамның баспана кезегінен шығарылатынын сұрады. Сұраққа жауап берген министр Қанат Шарлапаевтың айтуынша, қазіргі заңнамада баспана кезегінде заңды тұрғанын түгендеу жылына бір рет жүргізіледі екен. Жаңа заң бойынша мұндай тексеру әр үш ай сайын жасалатын көрінеді.

– Баспана кезегінде тұрған 646 мың адамның 232 мыңы кезектен шығарылады. Оның 90 мыңы бұған дейін пәтер иесі болған. Олар заң бойынша баспанадан үмітті бола алмайды. Тіпті бес жылдық мерзім аясында да оларға баспана беруге хақымыз жоқ, – деді ведомство басшысы.

Елнұр Бейсенбаев азаматтарды кезектен шығарып тастау мүмкін еместігін алға тартты. Ол бұрынғы министр заң жобасын таныстырғанда 240 мың адамның кезектен шығарылатынын айтқанын мәлім етті.

БРИФИНГ

Сыр өңірінен республиканың өзге өңірлерінде және шет мемлекеттерде өткен 37 халықаралық, 30 республикалық конкурстарға 167 өнерпаз, 38 би тобы қатысып, өнерпаздар 60 бас жүлде, 88 жүлделі орынды иеленді. Бұл туралы «Анаға тағзым» орталығында өткен баспасөз мәслихатында облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Мира Қазбекова мәлімдеді.

Өңір Спортшылары РЕКОРД ОРНАТТЫ



Басқарма басшысының айтуынша, аймақта 410 мәдениет, өнер, архив және 41 спорт мекемесі елге қызмет етуде. Жыл басынан бері 2 мәдениет нысаны, 6 спорт кешені пайдалануға берілген. Жыл соңына дейін 3 мәдениет нысаны, 5 спорт кешені ел игілігіне берілмек.

Отбасылық құндылықты нығайту, жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру мақсатында «Анаға тағзым» және «Отбасы» орталығы ашылды. Аймақ басшысының бастамасымен 1000 орындық «Өнер» орталығы салынууда. Өнер адамдарына қызмет ететін нысан жылдың аяғына дейін пайдалануға берілмек.

– Жыл басынан бері облыстық мәдениет мекемелерінде 14905 шара, 118 концерт, 189 спектакль өткізіліп, оған сырбайлық өнер-сүйер қауымы қатысып, өз алғысын білдірді. Өнерпаз жас таланттарды қолдау мақсатында 2 халықаралық, 13 республикалық, 1 аймақтық және 68 облыстық байқау-фестиваль, жыр мұшайралары, ақындар айтысы секілді рухани шаралар ұйымдастырылды.

Айта кетейік, тұңғыш рет композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кенес Дүйсекеев атындағы «Туған жер» I халықаралық әншілер конкурсы, ұлт руханиятының көрнекті өкілі, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің

125 жылдығына арналған «Ұлт руханияты және Темірбек Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеністігі» тақырыбында халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясы, «Жыр арқауы – Жүргенов» атты республикалық жыр мұшайрасы, облыстық тарихи-өлкетану музейі мен «АЛЖИР» музейінің бірлесуімен «Қазақ руханиятының жарық жұлдызы» атты дөңгелек үстел, акын, жырау Жүсіп Қадірбергелұлының 150 жылдығына арналған «Қара өлеңнің шебері – Қашып Жүсіп» республикалық ақындар айтысы, «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты халықаралық фольклорлық-өнер фестивалі өткізіліп, оған 6 шет елден және елімізден 200-ге жуық өнерпаз қатысты, – деді басқарма басшысы.

Басқарма басшысының айтуынша, облыстағы спорт саласы да биыл жылды табысты өткізіп келеді. Бұқаралық спортты дамыту, спортшыларды қолдау мақсатында бірқатар жұмыстар қолға алынған. Нәтижесінде спортшылар еліміздің өзге де өңірлері мен шет елде өткен көптеген жарыстың, оның ішінде әлем, Азия чемпионаттарының жеңімпазы атанып, Сыр өңірінің ғана емес, барша қазақ елінің абыройын асқартып келеді. Нәтижесінде, олар ҚР чемпионаты мен кубоктарында 361 алтын, 335 күміс, 404 қола медаль жеңіп алса,

әлем және Азия чемпионаты мен кубоктарынан 88 алтын, 71 күміс, 73 қола медаль алып аймақ мерейін өсірген.

– Биыл басты жаңалық облысымыз үшін рекордтық көрсеткіш Қытай мемлекетінде өткен Азия ойыны болды. Дүбірлі долада 13 спорт түрінен 25 спортшы қатысып, дзюдодан 3 қола, стенд атудан 1 қола, каратеден 1 күміс және бокстан 1 күміс жүлдеге қол жеткізді. Сонымен қатар биыл Мажарстан мемлекетінде қаратэ-додан өткен әлем чемпионатында облыс спортшысы Мөддір Жанбырбай Қазақстан тарихында тұңғыш рет Әлем чемпионы атанып, ел абыройын асқартты. «Кайсар» футбол клубы биыл премьер-Лига командалары арасындағы ҚР чемпионатына қатысып, нәтижесінде турнирлік кестеде 6 орынға тұрақтады, – деді Мира Жомартқызы.

Жиында журналистер баяндамашыға өздерін толғандырып мәселе жөнінде сауал қойып, тұшымды жауап алды. Баспасөз мәслихатының соңында облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы аталған саланы жыл бойы насихаттаған бірқатар бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін алғыс хатпен марапаттады.

Гайһар АСҚАРҚЫЗЫ

ҮЙСІЗ ЖҮРГЕН ҚАЗАҚ КӨП

биылғы 1 тамыздан бастап 21607 адам кезектен шығарылыпты. Сонда айналдырған екі-үш айдың ішінде 20 мыңнан аса азаматты кезектен шығарса, екі-үш жылда өздері айтып отырған 232 мыңдық межені орындайды деген сөз. Бұл үйсіз жұртты кезектен мәжбүрлеп шығару емес пе?.. Екінші жағынан үкіметтен ештеңе сұрамаңдар дегеннің заңмен бекітілген нұсқасы іспетті екен.

Ары қарай министрдің не айтқанын талқыламай-ақ қояйық. Тек елдің үмітін арқаулап, халықтың қалаулысы болып отырғандар не деді? Бұл сөз маған да, біздің газетке үнілетін

жүргізіледі екен. Жаңа заң бойынша мұндай тексеру әр үш ай сайын жасалатын көрінеді.

– Баспана кезегінде тұрған 646 мың адамның 232 мыңы кезектен шығарылады. Оның 90 мыңы бұған дейін пәтер иесі болған. Олар заң бойынша баспанадан үмітті бола алмайды. Тіпті бес жылдық мерзім аясында да оларға баспана беруге хақымыз жоқ, – деді ведомство басшысы.

Елнұр Бейсенбаев азаматтарды кезектен шығарып тастау мүмкін еместігін алға тартты. Ол бұрынғы министр заң жобасын таныстырғанда 240 мың адамның кезектен шығарылатынын айтқанын мәлім етті.

Министр мен депутаттың сөзін сараласақ, бұл заң жобасының Мәжіліске ұсынылғанына шамамен екі жыл болған. Халық қалаулысы Шарлапаевтың бұрынғы министрдің сөзін қайталап тұрғанын жеткізді.

Заң жобасын басқа депутаттар да сыңға алып жатты. Мәселен, Даулет Мұқаев жастардың проблемасын көтерсе, Екатерина Смышляева «Отбасы банкі» екінші деңгейлі банктер жүйесінен шығаруға қатысты алаңдаушылық білдірді. Депутаттың сөзінше, жоба дәл осы күйінде қабылданар болса «Отбасы банкі» банктерге қойылатын барлық лицензиялық талапты орындауды автоматты түрде тоқтатады екен. Бұдан жауапты министрлік не ұтады? Министрлік осы заң жобасы арқылы елдегі тұрғын үймен қамту мәселесін «Отбасы банкіне» түбегейлі аударуға сауалды көздеп отырған секілді. Біздің пайым мәселенің мәнісі осында жатыр дегенге саяды. Өйтпесе, елдегі үйсіз жүрген адамның санын, олардың жағдайын, әлеуметтік ақуалын біле тұра осындай қадамға бара ма? Баспанасыз жүрген отандастарымызды кезектен алып тастап жатса, басқа қандай уож айтамыз?.. Шындап келгенде, Алматы мен Астанамыз үйі жоқ қазаққа толы ғой.

Әзіз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

– Жақында елде «Жасанды интеллект дәуіріндегі біздің болашақ» тақырыбында кездесу өткізді. Шынында, жаңа дәуірдегі біздің болашағымыз қандай? Қаншалықты дайынбыз? Не істеу керек?

– Мен өте оптимист адаммын. Болашаққа жарқын көзқараспен қараймын. Қазақ жастарына, қазақ ұлтының потенциалына өте қатты сенемін. Дегенмен теориялық тұрғыда солай болғанмен, рационал тұрғыда қарайтын болсақ, біздің технологиялық тұрғыдан бәрібір кеш қалып келе жатқан мемлекет екеніміз аян. Не істеу керек? Әрине, қазақ техносаятты болуы керек. Негізгі және басты ұраным – қазақ халқының техносаятты болғаны. Жалпы техника, технология, компьютерлік технология дейміз бе, жаңа технология дейміз бе, осы бағытта негізгі ойыншыларды бөліп қарастыруға болады. Бірінші деңгейдегі ойыншылар – бұлар технологияны жасайтын, зерттейтін адамдар. Сәйкесінше, сол технологияның аясында әртүрлі инфрақұрылымды ұсынатын топ. Бұл топқа АҚШ-тағы «Microsoft» «Amazon» «Apple» «Meta» секілді алпауыт технологиялық компаниялар енеді деуге болады. Бұл компаниялардың барлығы бізге инфрақұрылымды ұсынады. Мәселен, ютуб, сонымен қатар әлеуметтік желінің барлығы инфрақұрылымға, негізгі платформаларға жатады. Біз бұл топтың қатарында жоқпыз. Тек біз ғана емес, әлемде бірқатар ел бар, солардың барлығы бұл топта жоқ. Екінші топ – осы технологиялық алпауыт компаниялардың ұсынған өнімдерін, платформаларын өзінің жетістігі үшін қолданатын топ. Олар контент жасайды, осы платформаның негізінде өздерінің өнімдерін жасайды, қызметтерін ұсынады. Яғни бұл платформаның жетегінде кетіп қалмайды. Мәселен, Қазақстанда 20 млн ғана адам бармыз. Біз әлем бойынша өз еліміздегі халықтың масштабына шаққанда 90 пайыз инстаграмда отыратын халық болып есептелеміз. «We are Digital» деп аталатын халықаралық есеп бар. Осы репорттың мәліметі бойынша Қазақстан халқының 95 пайызына дейін инстаграмда отырады екен. Бұл әлем бойынша ешбір елде жоқ статистика. Бұл сан біздің үшінші топқа жататынымызды көрсетеді. Бұл деген өте пассив түрде, тек ғана қолдану. Яғни өнім жасамау, платформаларды өзміздің игілігіміз үшін пайдаланудың орнына, оларды «соқыр қолданушы» ретінде пайдалану. Енді қараңыз, бірінші топ технологияны жасаушылар дедік, екінші топ технология мен платформаның аясында өздерінің өнімдерін өндіріші, контент жасаушы. Енді бұл алғашқы екі топ ақша табу керек қой. Бүкіл әлемге ұсынған технологиясының қайтарымын ақшалай түрде алу керек. Олар ақшаны қайдан алады? Әрине, біз сияқты үшінші топқа жататын елдерден алады. Қалай дейміз ғой. Біз сол жарамнамын құлымыз, платформалардағы әртүрлі контенттің қаралымын көбейтуші «зомбилер» секілдіміз. «Қаншалықты дайынбыз?» деген өте ауыр сұрақ. Дайынбыз десем, дұрыс емес, дайын емеспіз десем, ауыр тиеді. Бұған менің жауабым жоқ. Ал не істеу керек? Әрине, біз осы екінші топқа қосылсақ жақсы болар еді. «Соқыр қолданушы» емес, саналы пайдаланушылардың қатарына қосылуымыз қажет.

– Бүгінде жасанды интеллект медицина саласында қолданыла бастағаны айтылып келеді. Жалпы жасанды интеллект тек бір ғана салада емес, өмірде көп проблеманы шешіп бере алатынын ғалымдар айтып жүр. Шынында, жасанды интеллект адамды алмастыра ала ма?

– Бұл қазір әлемдік деңгейде талқыланатын жатыр. Мәселен, бүкіл ғұмырын жасанды интеллект саласын дамытуға жұмсаған Джеффри Хинтон секілді азаматтар сәл пессимистік көніл күйде. Яғни жасанды интеллекттің дамуын бауылауға, адам баласына зияны көп болып кетуі ықтимал дегенді айтады. Оған қарсы екінші бір топ бар, яғни Meta компаниясының жасанды интеллект зерттеуі бойынша вице-президент Лян ЛеКун болса, өте оптимистік көзқараста. Ол адамзаттың игілігіне пайдалану үшін технологияның дамыта беруі қажет, одан қорқатын

Басы 1-бетте

ештен жоқ деген көзқарасты ұстанады. Менің ойымша, шындық осы екі пікірдің ортасында. Мен «Жасанды интеллект адамды алмастыра ала ма?» деген сұраққа «иә» деп жауап берер едім. Бірақ «адамзатты алмастыра ала ма?» деген сұраққа «жоқ» деп жауап беремін. Яғни адам дегеніміз сіз бен біз, яғни жеке тұлғалар. Жасанды интеллект көп салада, білім саласында, қайталанатын істерді атқару саласында адамды алмастыра алады, бірақ адамзатты алмастыра алмайды. Мәселен, адам заңгер немесе мұғалім, қаржыгер және тағы басқа саланың маманы болса да, нашар маман, жұмысын өз деңгейінде атқара алмауы мүмкін. Жасанды интеллект мұндай

Тимур Бектұр, IT сарапшы:

НАШАР МАМАНДЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ОҢАЙ АЛМАСТЫРАДЫ



адамды оп-онай алмастырады және өте арзанға түседі. Ал өз ісіне мығым, ерекше қабілеті бар адамдар бар, оларды алмастыра алмайды. Жалпы алғанда бұл өте пәлсапалық сұрақ. Бұған жауап беру негізі абырой әпермейді. Бұл сұраққа жоғарыда айтқан жауапты ұсына отырып, бәрібір білмеймін деп айтар едім.

– Жасанды интеллектті өмірде қалай қолдануымыз керек?

– Кәдімгідей қолдана береміз. Жалпы сіз бен біз, барлығымыз жасанды интеллектті өмірде қолданып жүрміз. Мәселен, такси шақырған кезде, гугл аудармашы секілді платформаны қолданғанда, ютубтан видео қараған кезде жасанды интеллектті қолданып жүрміз. Бұл сұрақ қазір көкейтесті емес. Ал жалпы әрине, еңбек өнімділігімізді арттыру, шығарымызды азайту және өмірімізді жеңілдету үшін қолданасыз.

– Жасанды интеллекттің адамзатқа әкелер қандай пайдасы бар және қандай қауіп төндіруі мүмкін?

– Технологияның адамзатқа пайдасы мен қауіп қатар жүретіні белгілі. Мәселен, ұшақ та, автомобиль де адамзат үшін қауіпті, жыл сайын қанша адам көлік апатынан қайтыс болады. Тіпті электр тоғы да, от та, су да қауіпті. «Шегірткенде қорыққан егін екпейді» деген мақал бар қазақта. Жасанды интеллекттің пайдасы да, қауіпті де тұстары бар, бірақ біз соның пайдасын түсін көбірек қолдануымыз керек. Мәселен, әлеуметтік желілерді пайдалана бастағанда осы сұрақ қойылатын еді. Әлеуметтік желінің қауіп өте көп. Мәселен, әлеуметтік желінің кесірінен балалар сабақ оқымай жүр, ересектер алтын

уақытын қор қылуда, адамдардың ойы бұзылды, кітап оқытын, пайдалы дүние тыңдайтын адамдар әлеуметтік желідегі бос әңгімеге уақытын құртуда. Әлеуметтік желілер арқылы әртүрлі алаяқтық жасалуда, кибербуллинг болып жатыр. Бірақ әлеуметтік желіні тоқтатып жатқан ешкім жоқ. Әлеуметтік желі арқылы сауда, кәсіп жүргізгендер, білім алып, білімін бөлісіп жатқандар бар. Сол сияқты кез келген нәрсенің пайдасы мен зияны қатар жүреді. Бірақ біз пайдасына қарай назар аударуымыз қажет.

– «Oxford Insights» компаниясының «Үкіметтің жасанды интеллектіге дайындық индексі-2022» зерттеуінің қорытындысы бойынша Қазақстан 72-ші орында. Бұл негіз білдіреді? Маман ретінде көзқарасыңыз...

оқушыларға тест дайындау үшін деген секілді шексіз мүмкіндіктері бар. Мұның бір құпиясы жоқ. Дегенмен қазақ қоғамы ChatGPT секілді генератив жасанды интеллект технологиясын қолдана білу керек. Мәселен, қазір соңғы 2-3 жылда бәрі «инстаграмды, тик-токты менгеруіміз керек, ол жерден пайда табуға болады екен ғой» деп енді оянып жатыр. Дәл сол секілді қазақтың 10 жылдан кейін оянғанын қаламаймын. Дәл қазір бүкіл әлем осы ChatGPT-мен енді танысып жатқан кезде қазақтардың да тезірек танысып, дер кезінде күнделікті қолданғанын қалаймын. Себебі біз қаласақ та, қаламасақ та технология дами береді. Мысалы, Қазақстан халқы бізге смартфон, 4G, 5G, айфон қажет емес, біз нokia деген батырмалы телефонмен жүре береміз деп

адамды көрдік. Қазір сол машинистер, жоқ қой. Сол сияқты кассир мамандығы да түбегейлі жойылып кетпесе де, санаулы қалды. Мұны айтпағанда, кейінгі жылдары банкоматтарға қызмет көрсететін техникалық мамандар да болды. Қазір оларға да сұраныс азайып бара жатыр, себебі жұрт банкомат қызметіне жүгіне бермейді. Телефонистер тіпті жоқ. Сол сияқты еңбек нарығында үлкен өзгеріс болатыны сөзсіз. Біз соны көзбен көре отырып, қазір үйіреніп қалатын нәрсені үйқыдан кеш оянып, ұсымыздан шығарып алатынымыз өкінішті. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім, пайдасын көре тұра тексермедім» деп Абай айтпақшы, кейін өкінгеннен пайда жоқ.

– Бүгінгі бунды жаңа технологияға бейімдеу үшін елде қандай жұмыстар қолға алынуы тиіс?

– Бүгінгі бунды жаңа технологияға бейімдеу үшін жаппай техносаят пен қазақша насихат қажет. Әрбір ата-ана, әр маман насихаттап, жаңа технологияны үлкен-кіші үйрену керек. Қазіргі жас буынның ертеңгі өмірінде жаңа технология күн сайын бетпе-бет келетінін түсіндіру керек. Әйтпесе, біз сол үнемі пассивті түрде қолданатын, жарамнамын көзі болатын қоғамға айналып кетуіміз мүмкін.

– Тағы да адаммен салыстыру сұрағына оралсақ, Жасанды интеллект тіпті өлең де шығарады. Сонда адамнан артықшылығы қандай?

– Жалпы жасанды интеллектті адаммен салыстыруға болмайды. «Apple» компаниясының негізін қалаушы Стив Джобс симбиоз туралы айтады. Адам баласының кейбір қабілеттері басқа жаратылысқа қарағанда әлсіз болып келеді. Мәселен, қасқырмен салыстырғанда адам жұртқыш емес. Жылқы мен адамды салыстыратын болсақ, жылқы шапқанда біз қуып жете алмаймыз, бірақ біз жылқыны ертеп міне аламыз. Технология деген дәл сондай дүние. Технологияның барлығы адамзат игілігі үшін жасалады.

– Жасанды интеллект өмірімізге дендеп енгенде роботтарға арналған моральдық-этикалық норма қабылданар ма екен? Сіздің пікіріңіз...

– Роботтарға арналған моральдық-этикалық норма қабылданады деген ойдамын. Өйткені кейбір роботтар эмоциялық робот болуы мүмкін. Сондықтан оған нақты нұсқау беру керек шығар. Оған «темірқұл, ей» деген секілді ренжітетін сөз айтпау керек шығар. Бұл енді біздің қоғам әзірге бермейтін тақырып деген ойдамын. Дегенмен уақыт өте келе сондай бір норма қабылданады деген ойдамын.

– Қарағанды қасіреті арқамызға батты. Дәл осы кезде «өндіріске жасанды интеллект енгенде, дәл мұндай жағдайға жетпес пе еді?» деген сұрақ ойға орала берді...

– Қазір «жасанды интеллектті дамытудың қарқынды сәл тоқтата тұрайық, біз қатты кетіп бара жатырмыз, ертең қалай боларын ешкім білмейді» деп пессимистік көзқарас айтып жүрген ғалымдар қара жаяу адамдар емес. Олар өмірін жасанды интеллектті дамытуға арнаған әлемдегі №1 адамдар. Олар «жасанды интеллект теріс көзқарастағы, диктаторлардың, тирандардың қолына түскен жағдайда онда біздің жағдайымыз мүшкіл» дегенді айтып жүр. Жасанды интеллект өз бетіне пайда да, зиян да тигізейді. Мәселен жаңа технологияның кімнің қолына түсетіндігіне. Өндірісте жасанды интеллект енген күнде де бәрібір осындай жағдай болар еді. Нәтижесінде дәл осы. Себебі мәселе технологияда емес, адамдарда. Мұндай жағдайға жеткізіп отырған технологиялық нашарлық емес, сыбайлас жемқорлық, «бармақ басты, көз қысты» дегі, дер кезінде айтып, техникалық қауіпсіздікті сақтамау, дұрыс қаржыландырмау, еңбек қауіпсіздігіне мән бермеу, жұмысшылардың өміріне бей-жай қарау секілді адам факторлар бар. Қазір әлемде болып жатқан барлық оқиғалар технологияның тұқ қатысы жоқ. Мәселе – адамдарда.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Жұмыссыз жүкті әйелдер медициналық қызметті қалай алады?




Елімізде жүкті әйелдер, 3 жасқа дейінгі бала тәрбиелеп отырған жұмыссыз аналар немесе оның заңды өкілдеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарнасы мемлекет төлейді. Алайда мамандар кей жағдайда аталған санаттағы азаматтардың сақтандырылмай, тиісті медициналық қызмет алуға мүмкіндігі болмайтынын айтады. Осы және өзге де мәселе төңірегінде әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры **Бақыт Исмаханбетовтен сұраған едік.**

– Бақыт Торғайбайұлы, жүкті әйел жұмыссыз болса медициналық көмекті алай алады?

– Егер жүкті әйел жұмыс істемесе және бірыңғай жиынтық төлемді төлемесе, онда ол МӘМС жарналарын мемлекет төлейтін азаматтардың жеңілдікті санатына кіре алады. Ол үшін тіркелген жері бойынша өз емханасына жүгініп, жүктілігі бойынша есепке тұруы қажет. Ал әйелдің МӘМС мәртебесі «сақтандырылмаған» болса, онда ол аймақтық дәрігер мен акушер арқылы есепке тұра алады. Босанғаннан кейін бұл әйел үш жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеп отырғаны үшін басқа жеңілдікті санатқа кіреді. Олар мемлекет есебінен сақтандырылатын болады.

– Егер жұмыс істемейтін жүкті әйел жеңілдікті мәртебе бергеннен кейін бірыңғай жиынтық төлем төлесе ол жеңілдікті мәртебесінен айырылады. Осы мәртебені қайта алу үшін не істеуі керек?

– Жұмыссыз әйел жүктілік кезінде жеңілдікті мәртебеге не болады. Егер



Егер жүкті әйел жұмыс істемесе және бірыңғай жиынтық төлемді төлемесе, онда ол МӘМС жарналарын мемлекет төлейтін азаматтардың жеңілдікті санатына кіре алады. Ол үшін тіркелген жері бойынша өз емханасына жүгініп, жүктілігі бойынша есепке тұруы қажет. Ал әйелдің МӘМС мәртебесі «сақтандырылмаған» болса, онда ол аймақтық дәрігер мен акушер арқылы есепке тұра алады. Босанғаннан кейін бұл әйел үш жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеп отырғаны үшін басқа жеңілдікті санатқа кіреді. Олар мемлекет есебінен сақтандырылатын болады.

осы мәртебені ала отырып, бірыңғай жиынтық төлем төлейтін болса, одан жеңілдік мәртебесі алынады. Себебі бірыңғай жиынтық төлем оның өзін-өзі жұмыспен қамтығанын білдіреді. Жеңілдікке ие болған жағдайда БЖТ төлемін аудармағаны дұрыс. Ал шұғыл жоспарлы медициналық көмек қажет болған жағдайда дербес

төлеуші ретінде өткізіп алған айлар үшін МӘМС жарнасын төлеу қажет немесе жеңілдік мәртебесін алу үшін 2 ай күту керек. Содан кейін МӘМС жүйесіндегі жеңілдік мәртебесі міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар төленген күннен бастап 2 айдан кейін автоматты түрде беріледі.

– Егер жұмыс істемейтін жүкті әйел ресми түрде жұмысқа шығатын болса ше?

– Бұл жеңілдік санаты жұмыс істемейтін әйелдерге ғана беріледі. Егер сіз жұмыс істесеніз, МӘМС төлемдерін сіз үшін жұмыс беруші төлейді. Жұмыс берушілердің жұмыскерлер үшін аударымдары 3 пайызды құрайды. Сондай-ақ аударымдардың ең жоғары сомасы 21000 теңгеден аспауы тиіс. Бұл 10 айлық есептік көрсеткіштің 3 пайызы саналады. Ал сіздің жалақыңыздан 2 пайыз мөлшерінде жарна ұсталады. Жарнаның ең жоғары сомасы 14000 теңгені құрайды. Бұл 10 айлық есептік көрсеткішінің 2 пайызы болып саналады.

– Декреттік демалыстағы әйел жеке кәсіпкер болса, МӘМС үшін төлем жасауы керек пе?

– Егер әйел жеке кәсіпкер болса, онда ол биыл өзі үшін 4900 теңге мөлшерінде белгіленген жарнаны төлейді. Бұл санаттағы әйелдер жеңілдік санатына кәсіпкерлік немесе еңбек қызметін жүзеге асырмай-

тын, табысы жоқ кезде кіреді. Егер жеке кәсіпкер жұмыс істемесе онда салық органдарында кәсіпкерлігін тоқтата тұру үшін тиісті рәсімдерді жүргізу қажет.

– **Өзбекстан азаматы, Қазақстанда тұруға ықтиярхаты жоқ, бірақ қанда мәртебесі бар. Бұл науқасты емханаға тіркеп, жүкті әйелдердің регистріне қоса аламыз ба?**

– Егер «Қандас» мәртебесін дәлелдейтін құжаттары болса, онда пациент кепілдендірілген медициналық көмек пен міндетті медициналық сақтандыру тізіміне енгізіліп барлық медициналық қызметтерді сақтандыру мәртебесі болған жағдайда алуға құқылы. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелуге, жүкті ретінде тіркелуге және жеңілдік санатындағы «жұмыс істемейтін жүкті әйел» мәртебесіне жүгінуге мүмкіндігі бар.

– **Сұхбатыңыз үшін рахмет!**

Әзірлеген А.ӘЛІМ

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

ҰЛТ АЙБАРЫ АНА ТІЛІНДЕ

Қазір елімізде төл тілімізге мәртебе беру туралы мәселе көп айтылып та, жазылып та жүр. Аймақтағы тіл жанашырлары қаладағы сауда орындары, дүкендер, мейрамханадағы ас мәзірінің атауларына дейін қазақшаға аударуға атсалысып келеді. Бұл мәселеде отандастарымыздың өзінде жауапкершілік болмаса бәрі бекер.



Соңғы кезде әлеуметтік желіде желдей есіп жүрген тілге қатысты пікірлерді, тіл жанашырларының туған тіл үшін шырықпаған үндерін естіп жүргеніміз тебіреніп кетті. Шынында, ана тілі ісі қазақтың жүрегінде, буырқанған қанында намыс болып оянбаса, сырттан түрткенмен, ол пендеге әсер етпейтін секілді. Жуырда әлеуметтік желідегі «қаланың сол жағалауынан баламызды орысша оқытатын мектеп болмай ма?» деген қазақ азаматтарының жан дауысы шығып жатқаны оқыдым. Өкпелері қара қандай, ашулы өздері. Өзге ұлт өзеуреп жатқан жоқ. Өзіміздің ағайындар балаларының тілін орысша сындырмақ.

Иә, қазір ашықтық, еркіндік, кім қайда білім алса да өз еркі. Бірақ сол баласын орыс сыныбына берейін деп жатқан ата-аналар ең болмаса өз отбасында балаларын ұлттық тәрбиеге бейімдеп, дастархан үстінде олармен ана тілінде сөйлесе ме екен? «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген. Туған тілге деген құрмет неге әр қазақтың жүрек түкірінде мәнмұндап тұрмайды? Мен соған ашынамын.

«Өз-өзіңді жаттай сыйла, жат бойыңнан түңілісін» деген сөздің түп-төркінінде «өз ұлтыңды, оның игілігін, атадан қалған аманатты, тілді, дінді, салт-дәстүрді дәріп-тесен, сені өзге ұлт өкілдері де құрметтейді, өз қадірліңді өзін қашырма» деген ұғымға саяды.

Ана тілінің болашағы үшін санаулы адамның ғана емес, барша қазақтың қабыр-

ғасы қайысып, көзі көріп тұрған дәрежелікке жол бермеуі керек. Тегеурінді тілің, айбынды отаның, тәуелсіз елің болмаса сен кімсің? Ұлттың ұлық ақыны, өз кезеңінің дүлдүлі Қадыр Мырзаліев ағамыз «Адамның аузына бір емес, бірнеше тіл сияды. Ал ана тілің сыймаса, онда қазақ болмай-ақ қой» деп ашына айтқаны ойға оралады осындайда.

Өз тіліміздің өркенін өсіру үшін біріміз оның болашағына жанашыр болуымыз керек. Әлеуметтік желідегі осы тіл төңірегіндегі ойлы азаматтардың жазбасын көзім шалып қалды. Белгілі айтыскер Дәулеткерей Қолұлы фейсбук парақшасында мынадай жазба қалдырды: «Қалалық 4 ауруханаға келсем, кезек күткен қарағөздер! Толтыратын бланк сол қалпы орысша! Бұл не сұмдық?» деп ол қазақша бланк талап еткен. Міне, тіл үшін баршамыз осылай шырылдап, безектесек тілдің келешегіне келер қасіреттен құтылар едік. Адамда осындай азаматтық ұстаным болса, ұлтымыздың айбары артады, тілдің мәртебесі өседі. Қатты айтпасақ та салмақты сөзбен түсіндіріп, «теріс қарай жүретіндерді» бері қаратсақ, бабалар аманатына адал болар едік. Себебі жауапкершілік заманда да көшпелі тұрмыстағы ата-бабаларымыз ауыз әдебиеті үлгісіндегі талай таңғажайып туындыны өмірге әкеліп, оны бағзы заман қойнауынан бізге жеткізген. Осыны естен шығармайық. Түптеп келгенде ана тіліміз – ұлттың айбары.

Г. АСКАРҚЫЗЫ



Тым ежелгі Құдайлық бастамалармен етене, әуелде зиянкес күштерден қорғану мақсатында адамның тұлғасын, бет-бейнесін, арғы ниетін бүркемелеу үшін рәсім құралы есебінде қолданылған, кейін мифтік ұғымдармен астасып кеткен қарапайым мүліктер болады. Ілкіде бұлар белгілі бір ырым-жоралғыларды атқаруға ғана пайдаланылса, жүре келе адам баласы мұнан бір елі ажырай алмайтын халге жетті. Дәл қазір пенде атаулының табиғи қалпы мен жүзіне шапталған бетперде-масканың арасы мүлде ажырағысыз болып кірігіп кеткен. Нанбасаң бір сәт айнаның алдына тұрып, өзегіңе қарай теренірек үңіліп көрші. Бетіндегі не нәрсе өзі?

Бейнелі ойлай алатын жан өмір дегеннің тылсым қойылымға негізделген үлкен театр екенін жақсы білуі тиіс. Мұнда да режиссер, оның ассистенті, дирижер, көркемдік жетекші, хореограф, гример, тағы басқа толып жатқан атқарым иелері бықып жүр. Бір қызығы, құрамы тұрақсыз, жиі өзгеріп тұрады. Бірде жылап, кейде күліп жүрсе де өзгермейтін тек «әртістер». Жалпы адамдардың бәрі бетіне бетперде тағады. Ол әрекетін сұрасаңыз, жөнді түсіндіріп бере алмайды. Керісінше, әлгінің жайын біліп, түсінгің келгені үшін сенімен өмір бойы жауығып кетуі де ғажап емес. Сондықтан реті келсе, сіздің «Оңсыз да бар нәрсенің үстіне қабаттап, несін бүркемелей береді екен?» деген ішкі ойыңыздың сыртқа шықпай-ақ қойғаны жөн. Өйткені жатқан жыланның құйрығын басып, абырой тапқан әзірге ешкім жоқ.

Иә, бұл өзі бір сондай, «тылсымы» молдау, түсініксіздеу нәрсе. Оны айтсаңыз, дәл қазір сен де менің осы сөзіме ерекше күмәнмен қарап отыруың әбден мүмкін. Тіпті мендегі естің дұрыс-бұрыстығына да сенімнің көміл екеніне шүбәм көп. Адам пенденің бойындағы бар асылдың ішінде ойдан жүйрік, одан жылдам не болушы еді? Керек десең, тіпті ол «жарықтың жылдамдығын да жолда қалдырады». Сенің де санаңды сансыратып, үнгіп, кеулеп бара жатқан сол ғой. Өйткені мен айтып отырған нәрсенің өз бетінде тұрғанын сезбейсің. Мәселе сонда, бұл өз жүзіне қашан кіліліп үлгерген? Бәлкім, шыр етіп дүние диларына қоса келген шығар? Жоқ, олай емес, туғанда адам пенденің беті де,

ниеті де тап-таза. Не де болса, бұл жүре келе тапқан «олжаң» болса керек.

Қызығы сол, бетперде ешқашан да бір қалыпта болмайды. Ол да пенденің алабұрқан көңіл күйі сияқты бейуақта нілдей бұзылып, сәт сайын құйындай құбыла салады. Оның да кейде күлетін кездері, бір уақыт жылап тұратын сәттері болады. Бірақ онысы мүлдем байқалмайды. Дұрысы, мың айталы болған соң шығар, бір бойында аңдысып тұлкісі мен тазысы қатар отырған пенде, әйтеуір, онысын

аяқастында құбылып, бір сәт бабалардың рухымен байланысты болып, киелі кейіпке түсіп ала жөндейді. Есте жоқ ерен замандардан қалып алған ескі әдеті мен басты міндеті мың құбылу болған соң амалың жоқ, айтқанына сенесің, дегеніне көнесің, болмаса өлесің!

Жүзін жасырған нәрсенің өзіне ұнайтыны сондай, онысын өлгенде де шешпейді. Жарық жалғандағы санаулы тұз-дәмі таусылған күні солаймен көрге түсіп, топыраққа сіңіп, жоқ болып кетеді. Тәні шіріп, жаны қиналғанымен




Foto PiBig + PiBig.info

байқатпауға тырысады. Әрине, сенің шын байқамағаның мен әдейі байқамағаның қалпыңның оған еш қатысы жоқ. Өйткені оның «күлуі» мен «жылауы» бұл секілді ұқсас әрекетіне мүлдем қарама-қарсы. Сол үшін де мұның ахуалын түсініп, кейіпін еніп көреміз деп әуре болмай-ақ қойған абзал. Бәрібір ол пешененен жазылмаған. Айтпады деме, шын түсінген күні айрылмас бөлеге қалдым дей бер.

Онда Жаратушының да жалған сипаты болуы бек мүмкін. Мүмкін емес, тап солай, тіпті екі араға теңдік белгісі түсіп кеткен. Бұлар да азғырылып, азғындайды. Сен және мен танытын қазіргі сайқымазақтар мен қол қуыршақ атаулы, міне, егер айтылған сөздің жарқын мысалы керек болса. Шіркін, мың бұралып қылымсы билегенін көрсен ғой. Сенің алдында емес, әрине. Әңіресе күні түсетін біреудің алдына келгенде тым күйлегіш. Содан

оған қағын да қылмайды. Ең қорқыныштысы – қайта түлеп, мүлдем басқа кепке түсіп, бір қанатының ұшымен жер тіреп, бір қанатымен көкті қалқалаған самұрық құс – феникс сияқты өз күлінен қайта жаратылып отырады. Бұл үдеріс үнемі солай, үдемелі түрде қайталанған сайын, бетперде де жаңарып, жасампаздық күшке не бола түседі. Қылмыскердің бетіндегі перденің данышпанның жүзіндегі кіреукеден айырмасы тым шамалы болатыны содан болса керек. Ар, ұят, иман, ынсап, қанағат атаулыны игердім деп жүрген дін иесінің де бетіндегі перде осы шамалас десем сенер ме едің? Босағадағы қара құл мен ел басқарған ұлық патшаның жүзін жасырып тұрған нәрсенің зағы басқаша болып көрінгенімен, шын аты – осы, жай ғана бетперде!

Берік ЖҮСПОВ,
фольклортанушы

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

БАЛАҚАЙ, ЖОЛДАН БАЙҚАП ӨТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың және Ішкі істер министрлігінің нұсқауына сәйкес 20-30 қараша аралығында республика көлемінде «Құқықтық тәртіп» іс шарасы өткізілуде. Осыған орай қалалық полиция басқармасының жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері күшейтілген режимде жұмыс істеуде.

Балалардың қауіпсіздігі бірінші орындағы мәселе. Сондықтан қала аумағында келенсіз жағдайларды болдырмау мақсатында оқушыларға жолдан өту ережелері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Полиция қызметкерлері балаларға қызықты және жеңіл түрде жаяу жүргіншілер жолағынан өту үшін аниматорлар жалдап, жадынамалар таратылды. «Жылдамдықты азайт» ұранымен мектеп оқушыларына бағдарламға қарау, жолдан асықпай өту, жан-жағына мұқият қарау сынды ескертпелер айтылды. Іс шараға аниматорларды жұмылдыру оқушыларға ерекше көңіл-күй сыйлап, жол қауіпсіздігі ережесін сақтауды естен шығармауға сеп болды. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

19 МЫҢНАН АСТАМ ШЕТЕЛ АЗАМАТЫ УАҚЫТША ТІРКЕУГЕ АЛЫНДЫ

Жыл басынан бері облыстық полиция департаментінің көші-қон қызметі басқармасы халықтың көші-қон саласындағы заңнамасын сақтау бағытында тұрақты тексеру жүргізді. Тексеру барысында облыс аумағына түрлі мақсатпен келген 19035 шетел азаматы уақытша тіркеуге алынды. Оның 18660-ы ТМД елдерінен, ал 375-і алыс шетелден келген.

Сондай-ақ көші-қон заңнамасын бұзған 1058 шетелдік азамат анықталған. Олар ҚР ӘҚБтК-нің 517 бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде 237 шетелдіктің заңнамада белгіленген мерзім өткеннен кейін он тәуліктен асатын кезең ішінде кетуден жартыуына байланысты тиісті шара қолданылды. Әкімшілік жолмен республика аумағынан 82 шетелдік шығарылды.

Бұдан бөлек шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды қабылдайтын жеке немесе заңды тұлғалардың көші-қон саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін 448 қазақстандыққа ҚР ӘҚБтК-нің 518 бабы бойынша және шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның еңбек қызметін заңсыз жүзеге асырғаны үшін 70 азаматқа әкімшілік шара көрілген.

ТӘРТІП ПОЛИЦИЯ БАҚЫЛАУЫНДА

Тасбөгеттік полициялар кентке қарасты ПМК-66 саяжайына «Квадрат» жедел профилактикалық іс шарасын өткізді. Ондағы мақсат – жергілікті тұрғындар мен полиция арасындағы байланысты нығайту, тұрғындардың полиция қызметіне деген сенімін арттыру.

Шара барысында 120 жеке үй, 4 мал шаруашылығы, 2 дүкен ісесі тексеріліп, үй жануарларын қараусыз жібермеу, сырғалау, үйлердің техникалық бекіністерін нығайту, темір тор есіктер, бейнебақылау камералар орнату сынды ұрлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ескерте хаттар таратылды. Сонымен бірге ішімдікке құмар азаматтардың жиналуы мүмкін орындар тексерілді.

ҚҰҚЫҚ БҰЗҒАН ЖҮРГІЗУШІЛЕР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

Қалалық полиция басқармасының қызметкерлері рейдтік іс шара барысында облыс орталығындағы Астана даңғылы бойында екі «CADILLAC ESCALADE» маркалы автокөліктердің жол жүру ережелерін бұзғандығын анықтап, құқық бұзушыларға тосқауыл қойылды.

Полиция басқармасының патрульдік полиция батальонының қызметкерлері жүргізушілердің құжаттарын тексеріп, басқару кезінде көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзғаны және көлік құралдарының көлденең бағыттағы жол жүрісіне кедергі келтіргендері үшін 30 және 32 жастағы жүргізушілерге қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 590-бабы 5-бөлігі және осы кодекстің 594-бабы 1-бөлігімен әкімшілік хаттама рәсімделген.

Сонымен қатар жүргізушілерге алдағы уақытта құқық бұзушылыққа жол бермеуі үшін түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Осы орайда қалалық полиция басқармасы азаматтардың қауіпсіздігі мен құқықтық тәртібін қамтамасыз ету мақсатында жол-көлік оқиғасының алдын алу және болдырмау үшін күнделікті және демалыс күндері күшейтілген режимде жұмыс істейтінін, қала тұрғындарына қарапайым жол жүру ережесін сақтау қажеттігін ескертеді.

Әзірлеген А.ӘЛІМ

Есім қою: Балаңыздың есімі кім?

Соңғы жылдары елдегі демографиялық көрсеткіш айтарлықтай ұлғайды. Тіпті жуырда көптен күткен жағымды жаңалық – 20 миллионға жеткен мерейді сүйініштіледі. Осы орайда балаға есім таңдау мәселесі тағы да қоғам талқысына түскені анық. Сондықтан мақалада «Биыл сәбіге көп қойылған есім қандай?» деген сауалға жауап іздеуді жөн санадық.

Ата-бабамыз ежелден ат қоюға ерекше мән берген. Тіпті сәбіге қойылған есім оның келешек тағдырына әсер етеді деген сенім бар. Содан болар, қазақтың салт-санасында жас нәресте туған кезде ата-анасы өзі немесе қосынды тұтатын адамға сәбінің есімін қойғызды. Есім беру отбасындағы ырым-наным, болшақ арман-тілекке де тәуелді болуы ықтимал. Сондықтан қазақ әрбір есімінің терең сыры болғанын қалаған. Ал қазір ше? Бүгінгі атаудың мән-маңызы қай деңгейде? Халық арасында қандай есім көп қойылуға? Осы сауалға жауап іздеп көрейік.

Расында, баланың есімін таңдауға айтулы оқиға, танымал тұлға, өсетін ортасының маңызы ерек. Мысалы, ертеде жолын берсін деген мақсатпен көпті көрген қариялар мен абыройлы азаматтардың есімдерін қойған болса, баланың дені сау болсын деп Темірбек, Болатбек, Шымырбай деген есімдерді таңдаған. Ұзақ ғұмыр тілеп, Жүзбай, Жанұзақ, Ұзақбай, Өмірбай деген атауларды таңдаса, мереке күндері дүниеге келген баланың есімін Мейрамқұл, Мейрамбек, Наурыз, Жәніс деп қою белең алған. Сондай-ақ, көптен перзент күткендер Арман, Сағыншы, Аңсар, Қуаныш деген атауларға жақын болса, Кенжебек, Еркеңаз, Ақкеңе деп кенже балаларын еркелеткен.

Осы орайда ырымдап есім беру дәстүріне ерекше тоқталған жөн секілді. Мысалы, қазақта кейінгі бала ұл бала болсын деген ниетпен жаңа туған қыздарға Ұлбада, Ұлжан, Ұлболсын, Ұлту деген есімдер берілетіні белгілі. Ал Жамал, Зылиха, Иса, Мұхаммед, Омар, Сүлеймен, Хадиса сынды есімдер Ислам дініне сүйеніп, баланың иманды болып өсуін ырымдаған. Сонымен қатар баланы тіл-көзден сақтау ниетімен балаға мағынасы ерсі Жаманбай, Қойшыбай тәрізді елеусіз есімдер қоюға тырысқан. Осындай атау сырт

көзден сақтайды деп тұйсе керек. Оған қоса баласы шетіне берген шаңыраққа жас сәбіге Аман, Есен, Жүрсін, Тұрсын тәрізді есімдер берілетін.

Қазіргі таңда жас жұбайлар сәбидің есімін құлаққа жағымды естіліп, болашақта өзіне ұнайтындай болуын ескереді. Мәселен, жақында Ұлттық статистика бюросы өткен жылы көп қойылған есімдердің тізімін жариялады. Мәліметке сүйенсек, Әлихан, Айсұлтан, Нұрислам атаулары ұлдар арасында танымал есімдерді бастан тұр. Бір қызығы, аталған үш есім 2016 жылдан бері жиі қойылып келеді.

Биыл да Ұлттық статистика бюросы жариялаған мәліметте айтарлықтай өзгеріс жоқ. Әдеттегідей, ер бала арасында көп қойылған есім – Әлихан. Қазақстанда аталған есімді 2848 бала немесе, 2362 бала Омар, 2268 бала Айсұлтан, 2162 бала Әмір, 2162 бала Алдияр атады. Мұндай үрдіске мемлекет идеологиясына сай насихатталған Алаш қайраткерлерінің өмірі себеп болса керек. Оған қоса діни есімдерді ұлт тарихымен сабақтастыра қоя үрдісі де кем емес.

Қыз бала арасындағы қойылған есімдерде де өткен жылдан айырма шамалы. 5307 сәби Медина, 4390 сәби Айна, 4139 сәби Асылым, 4063 сәби Айлин, 3019 сәби Райана есімін алған.

Сарапшылар екі жылда көп нәрсе өзгергенін айтады. Алдияр, Әмір және Омар есімдері рейтингте төменнен жоғарыға қарай көтерілді. Ал үздік үштікке енген Нұрислам мен Айсұлтан қазір үздік бестікке де кірмейді. Әлихан мен Әміре есімдері тізімінен мүлде жоғалып кетті, бірақ ессені Мұхаммед пен Хамза есімдері пайда болып, соңғы айларда екеуіне де «сұраныс» артып келеді.

Р.МАҚСҰТ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әліхан БӨЙМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сана менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ: 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Алғашыла 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызматкерімен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Хабарланып отырғаны бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3109 Тапсырыс №1866

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА